

го романтизма о любви как «космической силе, объединяющей в одно целое человека и природу, земное и небесное, конечное и бесконечное и раскрывающей истинное назначение человека», а также христианско-евангельское учение об очищающей и спасительной миссии любви в мире насилия и социальных антагонизмов. Для Гончарова немаловажен был и эстетический аспект любовной коллизии, по самой своей природе непреходящей и поэтому обеспечивающей долговременный интерес читателей.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Пруцков Н.И. Мастерство Гончарова – романиста. – М.; Л., 1962.

2 Мельник В.И. Реализм И.А. Гончарова. – Владивосток, 1985.

3 Недзвецкий В.А. И.А. Гончаров – романист и художник. – М., 1992.

4 Недзвецкий В.А. Романы И.А. Гончарова. – М., 1996.

#### Түйін

*Мақалада Гончаровтың махаббат концепциясы қарастырылған. Ол адамдардың адамгершілік, этикалық сонымен қатар әлеуметтік-саяси қарым-қатынастарын рухани жағынап байытып, үйлестіре білген.*

#### Conclusion

*This article considers Goncharov's love concept, according to which love inspires and harmonizes moral, ethic and even social and political relations of the people around.*

### БАШҚҰРТТАР ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДА

#### Жармухамбетова Э.Т.

Моңғол ұлыстары дәуірі – қазақ халқының ғана емес, сонымен бірге башқұрт халқы тарихының да аса елеулі кезеңдерінің бірі. Шыңғысхан (Темучин) бастаған моңғолдар XIII ғасырда Жұңғоның солтүстігіндегі ұлан-байтақ өңірде жер дүниені төңкерген аса құдіретті моңғол патшалығын құрды.

XII-XIII ғасырларда моңғолдардың қоғамдық экономикасы жедел дамып, қалыптаса бастады. Моңғолдардың боржегін тайпасынан шыққан Есугей батырдың баласы Темучин – Шыңғысхан (1155-1227) өзінің бәсекелестерін бірінен соң бірін жеңе отырып, бытыраңқы моңғол тайпаларының басын қосып, моңғол тайпаларының саяси бірлестігін құрды. Осы кезден бастап күн санап күшейе берген Темучин өзінің төрт төңірегіндегі тайпалар мен ұлыстарға шабуыл жасады. XIII ғасырдың басында татар, қоңырат, жалайыр, ойрат, керей, меркіт, найман, оңғыт (уақ), тағы басқа тайпаларды бағындырды. 1206 жылы көктемде Онон өзенінің жағасында ру-тайпа ақсүйектерінің құрылтайы Темучинді хан көтеріп, оны «Шыңғысхан» деп жариялады. Сөйтіп Шыңғысхан билеген моңғол патшалығының іргесі қаланды. Оның бұл кездегі территориясы: шығыста Хынган тауынан, батыста Алтай тауына

дейінгі, Солтүстікте Байкал көлінен, оңтүстікте Жин патшалығының шекарасына дейінгі ұлан байтақ өңірді қамтыды.

Шығыс Дешті Қыпшақ Жошы ұлысының құрамына кіріп, орталығы Ертістің бойында болды. Оның тек кейбір шекаралық бөліктері ғана Жошының інілері Шағатай мен Өгедей ұлыстарының құрамында қалдырылды. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы өзінің ұлысын бірінші болып алды. Ол 1207 жылы «Орман халықтарын» бағындырып және олардың аумағын Моңғол мемлекетінің құрамына еңгізді. Шыңғыс хан мемлекетіне бүгінгі күнгі Хакас, Алтай және Ертіс бойы аумағын қосумен аяқталған бұл жорық өз елінің сыртында бірінші моңғол ұлысының құрылуына жол ашты.

Шыңғысханның батысқа жасаған жойқын жорығын моңғолдардың осы өлкелерге жаппай қоныс аударуы деп ұғынуға болмайды. Моңғолдардың негізгі халқы атамекені Моңғолияда болды. Соғыс жорығында тасқын селдей қаптаған қалың қол-жүз елу мыңнан астам салт атты әскер болғанымен, оның едәуір бөлігі жергілікті түркі тілдес тайпалардан қосылғандар еді. Моңғолиядан келген моңғол әскерлерінің басым көпшілігі жаулап алу міндетін орындаған соң тапқан

олжаларын артып-тартып Моңғолияға қайтып кетті. Моңғолиядан батысқа қоныс аударған Жошы мен Шағатайдың қарамағындағы моңғолдардың да саны шамалы болатын: Шыңғысхан Жошыға тоғыз мың үй, Шағатайға сегіз мың үй берген. Бұлар Орта Азия мен қазақ жеріндегі өзі жаулап алған түркі тілдес халықтардың телегей теңізіне шөгіп кетті.

Шыңғысхан жергілікті халықтың тіл, әдебиет, мәдениет, діни сенім, салт-санасына қысым жасамады. Қайта Жошы мен Шағатай ұлысына келген билік басындағы моңғолдар ұзаққа бармай-ақ жергілікті халықтың тілі мен мәдениетін қабылдап, оларға сіңісіп кетті.

Сөйтіп, моңғолдар (татарлар) келіп, түріктердің мемлекеттік ежелгі салты моңғолдың әскери бюрократиялық ұлыстық жүйесімен толықтырылып, одан әрі шыңдала түсті. Шыңғысхан 1219-1224 жылдары Орта Азия және Саяннан Еділге дейінгі қыпшақ даласын жаулап алған соң бұл өлкені тұңғыш ұлы Жошының билігіне берді және одан әрі Ібір-Сібір, Қыпшақ даласы, Бұлғар, Орыс, Черкес, Башқұртқа дейінгі аумақты жаулап алуды оған аманат етіп тапсырды. Бірақ Жошы хан 46 жасында дүниеден өткендіктен, әке аманатын толық орындай алмады. Бұл міндет Жошы ханның екінші ұлы Батый ханның үлесіне тиді [1].

1235 жылы Қарақорымда ашылған құрылтай Шығыс Европаға жорық жасауды ұйғарды, Шыңғысханның немересі (Жошының баласы) Батый хан қолбасшылыққа тағайындалды. Жүз елу мың әскерді бастап Шығыс Европаға жорыққа атанған Батый хан 1236-1242 жылдар аралығында Еділ бойындағы бұлғарларды, орыс князьдықтарын талқандап, Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдовияны, тағы басқаларды ойрандап, Адриат теңізінің жағалауына дейін барып, «жер шетіне жеттік» деп қайта қайтты да, Еділ сағасына келіп Алтын Орда мемлекетінің іргесін қалады.

Деректер башқұрт халқының сол кездегі жағдайын сан алуан түрде сипаттайды. Кейбір деректер бойынша, башқұрттар ол кезде моңғолдарға бағынған болатын дейді. Мысалы, 1236 ж. башқұрттарға барып қайтқан венгр монахы Юлиан, олар 14 жыл бойы

моңғолдармен соғысып келді деп жазды. Л. Гумилевтың пікірі бойынша, башқұрттар 1220-1235 жж. болған қатаң соғыс кезінде жаулап алынды. Басқа деректер бойынша, башқұрттар қыпшақтармен, бұлғарлармен және орыстармен бірге 1236-1240 жж. аралығында жаулап алынған. Бұл жөнінде моңғолдың «Құпия шежіресі» сипаттайды [2].

Башқұрттардың кейбір аңыздарында башқұрттар моңғолдарға өз еркімен бағынды делінеді. Мысалы, Усерген тайпасының шежіресінде Муйтен би бүкіл халық атынан Шыңғысханға барып, одан өз халқын басқаруға және өз жерлерін мәңгілік иемденуге жарлық алғаны туралы айтылады. Шежірелердің бірқатары, башқұрт халқының тайпалары мен рулары әміршіден тамға, әскери ұран және өздерінің символикалық құстарын иемденгенін айтады. Башқұрттар, тәуелді халық ретінде, жасақты төлеуге және әскери қызметті өтеуге міндетті болды [3].

Ал Орданың «алтын» аталуы-ежелгі түркілерден келе жатқан салт. Түріктер ертеде есік, шаңырақ, уық бауы, кереге көзі алтындалып, хассақ арбаға тиелген хан үйін Сары Орда немесе «Алтын Орда» деп атады. Бұл үрдістің ең соңғы дерегі керейт Ван хан сарайы және Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөртенің ұлдарымен отырған орда сарайы болатын.

Алтын Орда мемлекеті тарихи әдебиетте «қыпшақ ұлысы» деп аталды. Оның себебі бұл территорияны мекендеген халықтардың басым көпшілігі қыпшақтар еді. «Бұл мемлекет бұдан бұрын да қыпшақ елі атанып келген еді». Ал қазіргі зерттеушілер өз тарихи әдебиеттерінде «Алтын Орда» атауының орнына «Ұлық Ұлыс» деп те атайды. Ұлық-ұлы дегенді білдірсе, ұлыс-ежелгі түріктің «ел» атауымен теңестіріліп, мемлекет дегенді білдіреді [4].

Батыйдың інісі Шибанға да үлес бөлінді. Оған Оңтүстік Орал, Батыс Сібір (Ібір-Сібір) және Жайықтың шығыс жағынан Жетісуға дейінгі территория кірді. Өтеміс Қажы («Шыңғыснаме», XVI ғ.) және басқа деректерде оны Көк Орда деп атайды. Шибан ұлысы – Жошы ұлысының екі қанатының біреуінің бөлінуі нәтижесінде пайда болды. Сонымен, батыс башқұрттар Батый ұлысына қараса, шығыс башқұрттар Шибан

ұлысына қарасты болды. Бірақ, екінші рет бөліну кезінде башқұрт территориялары қай ұлысқа кіргені жөнінде мәселе әлі күнге дейін шешілмеген. Г.А. Федоров-Давыдов Батый ұлысы мен Шибан ұлысы арасындағы шекараны «Орал мен Еділ арасында» деп анықтайды [5]. Л.В. Егоров шекараны Жайық өзені деп есептейді. Соңғы болжамды жазбаша дереккөзі растайды. Шибанға ұлыс бөлінген кезінде, оның көшіп-қонуы Жайықтың шығыс жағында белгіленген болатын: «Сен тұратын ұлыс....Батый ұлысы мен Орда-Ежен ұлысы арасында болсын, жазда сен Жайықтың шығысында – Ырғыз, Санух, Ор, Илек өзендерінен Орал тауларына дейінгі жерді мекенде, ал қыс кезінде Арақұм, Қарақұм және Сыр өзендерінің жағалауында». Осыдан біз, башқұрт территорияларының шығыс және оңтүстік бөліктері Шибан көшіп-қонатын территорияға кіргенін көреміз [6].

Отырықшы аймақтарда Еділ бұлғарлары, қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазарлар мен алан ұрпақтары, хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркі тілдес қыпшақ, қаңлы, найман, қоңырат, керей, т.б. тайпалар мекендеді. Дешті – Қыпшақ төңірегі мен Еділ бойында қоңыс аударған моңғолдар аз болған жоқ. Олар жергілікті түркі тілдес халықтармен сіңісіп кетті. Алтын Орда өзін билеген хандары: Батый 1242-1256 (1259) жж., Берке 1257-1266 жж., Мөңке-Темір 1266-1280 жж., Туда Мөңке 1280-1287 жж., Төле Бұқа 1287-1291 жж., Тоқты 1291-1312 жж., Өзбек 1312-1342 жж., Жәнібек 1342-1357 жж. тұсында қуатты кемеліне келіп, билігі мейлінше күшейе түсті. Егер Жошы мен Батый моңғолдарға ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Беркеден бастаған Алтын Орда хандары өздерін тәуелсіз деп есептеді. Берке хан тұсында Алтын Ордаға ене бастаған ислам діні кейін Өзбек хан тұсында үстем дінге айналды. Алтын Орда хандығы феодалдық мемлекет болды, ол берік мемлекеттік бірлестік болмады. Оның халқы ала-құла, әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әркілкі, экономикалық негізі әлсіз еді. Феодалдық қатынастар дамыған сайын ішкі – сыртқы қатынастар асқына түсті. 1342-1357

жылдары Алтын Орданы билеген Жәнібек хан өлгеннен соң, Шыңғыс тұқымынан тараған билеуші топтар арасында хан тағына таласқан феодалдық қырқыс өріс алып, бір кезде күшейіп дәуірлеген Алтын Орда мемлекетін мүлдем әлсіретті. Оның үстіне Алтын Орда үстемдігі астында езілген қалың бұқара мен тәуелді халықтардың азаттық күресі етек алады. 1380 жылы Куликов даласындағы зор шайқаста Алтын Орданың Мамай бастаған қалың қолын орыс князьдерінің жеңуі Алтын Орданың құлауын тездетті. XIV ғ. аяқ шенінде, яғни 1391-1395 жылдары Ақсақ Темір Алтын Ордаға бас көтертпестей етіп екі рет күйрете соққы берді. Осыдан соң ол бірте-бірте ыдырай бастады. XV ғасырдың басында Тоқтамыс хан мен Едіге бидің өзара таласы Алтын Орданы одан әрі қажытты. XV ғ бірінші жартысында онан бұлғарлар, қазан (1445 жылы) мен Қырым (1449 жылы) бөлініп шықты. XV ғ ортасына қарай Астрахань, Сібір хандықтары, Ноғай Ордасы құрылды. 1480 жылы орыс князьдіктері моңғолдардан толық тәуелсіздік алды. Қорытып айтқанда, езілген халықтардың моңғолдарға қарсы үздіксіз күресі, Алтын Ордаға қараған елдердің ішкі экономикалық байланысының болмауы, олардың арасындағы қайшылықтар мен феодалдық тартыстар, хан тағына таласқан күрестер, сыртқы соғыстар салдарынан, Алтын Орда мемлекеті бірте-бірте ыдырап, ақырында құлады. Алтын Орда құлаған соң, башқұрт халқы Қазан, Сібір хандықтары және Ноғай Ордасының этникалық құрамына енді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М., 1950.
- 2 Таймасов С.У. Башкирско-казахские отношения в XVIII веке. – М.: Наука, 2009. – С.31, 42.
- 3 Башкирские шежиры /http://shejere.narod.ru/
- 4 Абиля Е.А. История государства и права Казахстана. – Караганда: «Учебная книга», 2005. – 256 б.
- 5 Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. – М., 1973.

6 Юсупов Ю.М. Башкирия в улусно-крыльевой структуре Улуса Джучи // Россия и Башкортостан: социально-политическая история и современность (к 450-летию добровольного вхождения Башкортостана в состав России): Материалы республиканской школы-семинара молодых ученых) // Под ред. Р.М. Валиахметов. – Уфа, 2007.

### Резюме

*Данная статья рассматривает образование, политическое положение, государственность, завоевательные походы и распад Золотой Орды. а также взаимосвязи башкирского народа с Улусом Джучи.*

### Conclusion

*In this article author considers education, political position, governmental and wars and disintegration of Altyn Orda. Also it shows connection of Bashkirian nationality.*

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ МЕЖЕЛЕУ

Зайкенова Г.Б.

XX ғ. 20-30 жылдары Кеңестік билікті тұрақтандырудың әр түрлі құрылымдарының жүзеге асқаны белгілі. Соның бірі Орталық Азия республикаларын ұлттық-аумақтық межелеу, ұжымдастыру шараларымен байланысты болған халықтар тағдырының тарихи бұрмалануы болатын.

Орталық Азия республикалары арасында ұлттық-территориялық межелеуді жүргізу аса күрделі мәселе еді. Мұндағы халықтардың тарихи байланыстарының тереңде жатуы мен ұлттардың бір-бірімен аралас және тығыз орналасуы ұлттық республикалардың шекараларын анықтауда көптеген қиындықтар туғызды. Сондай-ақ, экономикалық орталықтармен ірі елді-мекендерді бөлу мәселелері көп жағдайда тығырыққа тіреліп отырды. Экономиканың даму деңгейімен, халықтың ұлттық құрамы туралы статистикалық мәліметтердің мардымсыздығы жағдайы одан әрі қиындатты. Осының бәрі үлкен дайындықпен көптеген жұмысты талап етті. Осы мақсатта арнайы РКП(б) ОК Орталық Азиялық бюросы жанынан және әр ұлттық республикалардың жеке комиссия бөлімшелері құрылды [1, 49 б.].

Бүкілресей Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі Совнаркомның 1919 жылғы 10 шілдедегі №354 қаулысына сәйкес Қазақ АКСР-і территориясының шекарасын бекіткен болатын. Бұл құжат бойынша Қазақ АКСР-і құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары мен

Закаспий облысының Маңғышлақ және Красновод уездері, Астрахань губерниясының Синемор және Бөкей ордалары, сонымен қатар қосымша біраз жерлер қосылды. Ал қарастырып отырған қазақ жерлерінің оңтүстік шекарасына келгенде, Декретке Түркістан құрамына кіретін қазақ жерлері халықтың қалауы бойынша шешілсін деген бап енгізілген болатын [2].

1920 жылы 25 қыркүйекте Жанкелдин, Әлібеков, Меңдешев және т.б. қатысқан Облбюроның мәжілісінде республиканың шекарасын анықтауға қатысты жасалған баяндаманың тезисі тыңдалды. Мәжілістің шешімі бойынша Қазақ АКСР-іне қазақтардың Сырдария облысынан Торғайға көшкенге дейін мекендейтін жерлері қосылсын деген шешім қабылданады. Ал Сырдария облысының бөлігін нақты анықтау әкімшілік бөлу секциясына жүктелді. РКФСР аймақта барлығына ортақ ақша белгілерін енгізді, бүкіл Орталық Азияға ортақ сыртқы сауда мен темір жол басқармасы құрылды, бірыңғай экономикалық жоспарлау орнатылды. Хорезм және Бұқара республикалары халықтық республикадан социалистік республикаға ауыса қайта құрылып, КСРО құрамына кірді.

Түркістан кеңестерінің XII съезінің делегаттары сөйлеген сөздерінде межелеу жөніндегі мәселені тез арада шешу қажеттігін ерекше атап көрсетті. 1924 жылы 31 қаңтарда РК(б)П ОК-нің ұжымдастыру